



21-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ЖАҒАҢДАНУЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ Адамның қауіпсіздігі





Адам қауіпсіздігі тұжырымдамасы ғылыми және саяси топтар тарапынан қауіпсіздіктің маңыздылығын қайта қарау және кеңейту турасындағы қуатты, бірақ қайшылықты әрекетін білдіреді. Дәстүрлі түрде қауіпсіздікті қамтамасыз ету - мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын сыртқы әскери қауіп-қатерден қорғауды білдіреді.

Адамның қауіпсіздігі - мемлекеттің немесе үкіметтің емес, адамдардың қауіпсіздігі болып табылады. Бір жағынан, сыншыларда мұндай көзқарас қауіпсіздік зерттеулерінің ауқымын кеңейтеді ме және жеке қауіпсіздіктің жаһандану күштері тарапынан халықаралық қоғамдастық алдында тұрған проблемаларды шешудің ең жақсы жолы болып табылады ма деген сұрақ туындайды. Екінші жағынан, адам қауіпсіздігін қорғаушылар бұл тұжырымдаманы кедейлік, ауру, қоршаған ортаның жай-күйі, адам құқықтарын бұзу және қарулы қақтығыстармен байланысты адамдардың өміріне төнетін қауіп-қатерлерді айқындауда маңызды қадам ретінде қарастырады.

БҰҰДБ-ның адами даму туралы 1994 жылғы есебінде адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласынның жеті аймағын қоса анықтады:

1. Экономикалық қауіпсіздік.
2. Азық-түлік қауіпсіздігі.
3. Денсаулық қауіпсіздігі.
4. Экологиялық қауіпсіздік.
5. Жеке қауіпсіздік.
6. Қоғамдық қауіпсіздік .
7. Саяси қауіпсіздік .

## Қақтығыстар мен Адам қауіпсіздігі

Бұл әлемдегі қарулы қақтығыстардың саны 2008 жылы 63-тен 2014 жылы 42-ге дейін азайғанымен, осы кезеңде өлгендер саны айтарлықтай артып, 2008 жылы 56 мыңнан 2014 жылы 180 000-ға дейін едәуір артқанын көрсетті. Айта кету керек, Ирак және Сириядағы құрбандар осы өлімнің жартысына жуығын құрады, 180 мыңнан шамамен 88 мыңға жуық адам қайтыс болды. Америкалық және ирактық эпидемиологтар тобы Ирактағы АҚШ-тың шабуылынан кейін өлім-жітім көрсеткішін екі есеге артқанын есептеп шығарды: 2002 жылы 1000 адамға шаққандағы 5,5 өлімнен бастап, шабуылдан кейінгі кезеңде жылына 1000 адамға шаққандағы 13,3 өлім тіркелді.

Шын мәнінде, дүниеде орын алған барлық оқиғалар адамның қауіпсіздігіне әсер етеді - бұл БҰҰДБ-ның адамның дамуы туралы баяндамасына назар аударатын болсаңыз, аса айқын көрінеді, онда адам қауіпсіздігіне қатысты 7 сала анықталды. Бұл дегеніміз, жекелеген тұлғалардың қауіпсіздігі әлемдік деңгейдегі тіпті ең кіші (бір қарағанда) деген қауіптердің өзі әсер етуі мүмкін осал құбылыс екенін білдіреді. Сондықтан халықаралық жүйедегі ойыншылар, сондай-ақ жергілікті институттар адам қауіпсіздігін қамтамасыз етуі керек.

## Халықаралық қауымдастық рөлі

Адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ең маңызды көпжақты іс-шаралардың бірі - бірнеше әскери қылмыс трибуналдарын, Халықаралық қылмыстық сотты (ХҚС) және Персоналмен күрес басқармасын құру болды. ХҚС жерүсті миналары туралы шарты 2002 жылғы 1 шілдеде құрылды. Келісімге қол қоймаған елдер қатарында Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы және АҚШ бар.

БҰҰ Даму бағдарламасы мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) қайыршылық пен ауруға қарсы күресте алдыңғы қатарда тұр. Біріккен Ұлттар Ұйымының Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссары (БҰҰ БЖК), БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) және БҰҰ Әйелдер Даму Қоры (ЮНИФЕМ) секілді БҰҰ-ның басқа да мекемелері босқындар, балалар және әйелдердің құқықтары туралы нақты мәселелерді шешуде, сондай-ақ адамдардың қауіпсіздігін қорғау үшін платформалар ұсынуда орталық рөл атқарады.

Үкіметтік емес ұйымдар да (ҮЕҰ) адамның қауіпсіздігін әртүрлі жолмен қамтамасыз етуге ықпал етеді: қақтығыстар туралы ақпарат береді және алдын-ала ескертеді; қақтығыстар мен табиғи апаттар аймағындағы алғашқы көмекшілер ретінде көмек көрсету операциялары үшін арналар ұсынады; сондай-ақ үкімет немесе БҰҰ қаржыландыратын бейбітшілікті қолдау және оңалту миссияларын қолдайды.



Кітап: Әлемдік саясаттың жаһандануы. Халықаралық қатынасқа кіріспе  
Дәріс: Адамның қауіпсіздігі

---

**Халықаралық қылмыстық сот** - халықаралық проблемаға алып келетін аса ауыр қылмыстарға жауапты адамдарға қатысты өз құзыретін жүзеге асыруға өкілеттігі бар мекеме.

**Қарулы қақтығыс** - әскери күшті шектеулі пайдалану арқылы экономикалық, саяси, ұлттық-этникалық және өзге де қайшылықтарды шешуге бағытталған жекелеген мемлекеттердегі мемлекеттердің немесе әлеуметтік топтардың арасындағы қарулы қақтығыс.